

№15 «Әлия» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар: МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар: 1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

МКҚК «№15 «Әлия» бөбекжайы» 140 орынға арналып ашылған. Онда негізінен 1 жастан 6 жас аралығындағы балалар бүгінгі күн талабына сай тәрбиеленіп, білім алады. Іс-әрекеті қазақ тілінде жүргізіледі. 2024- 2025 оқу жылында 6 топ ашылып жұмыстануда. Кіші топ-1 Ортаңғы топ 2, ересектер тобы 2, МАД топ 1 жұмыс жасайды. Бөбекжайда балалардың жан-жақты тәрбие мен білім алуына барлық жағдайлар жасалған. Бөбекжай ғимараты заманауи үлгіде, 2 қабатты типтік жобадан салынған, материалдық-техникалық базасы заман талабына сай жабдықталған. Су орталықтандырылған, жылу жүйесі, кәріз жүйелері автономды. Бөбекжайда өрт-дабыл қондырғылары және бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

Талдау нәтижелері: Талдауға ұсынылған құжаттарды зерттеуде көрсеткендей бөбекжайдың кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды топтарының ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі, күн тәртібі, перспективалық жоспар және циклограммалар бекітіліп, талдауға ұсынылған және талапқа сай жасақталынған. Перспективалық жоспар және циклограммалар бекітілген.

Оқу жүктемесінің максималды көлемі мен оқу қызметіне берілген уақыты 2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» 4-тармақ 3) тармақшасында көрсетілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 1, 2, 3 – қосымшаларына (қолданыстағы) сәйкес келеді

Бөбекжайдың жұмыс жоспары мен ұйымдастырылған іс әрекет кестесі Стандарттың талаптарына сәйкестендірілген. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына ҮОЖ кесте, перспективалық жоспар, циклограмма ұсынылған. «Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес айқындалған.

Бөбекжайдың 2022-2023 оқу жылына бекітілген ҮОҚ кестесінде

№1 «Балапан», кіші топтарында (2 жастан бастап) ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы өткізу жиілігі «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, «Музыка» аптасына 1 рет, «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Сенсорика», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Мүсіндеу» күн сайын жоспарланған. кіші жас тобында (2 жастан бастап) ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы өткізу жиілігі «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, «Музыка» аптасына 1 рет, «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Сенсорика», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» күн сайын жоспарланған.

№2 «Алақай», №3 «Құлыншақ», орта жас тобында (3 жастан бастап) ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы өткізу жиілігі «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» 1 рет, «Музыка» аптасына 1 рет, «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» күн сайын жоспарланған.

№4 «Қуыршақ», №5 «Айгөлек» ересек жас топтарында (4 жастан бастап) ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы өткізу жиілігі «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, Қазақ тілі 1 рет, «Музыка» аптасына 2 рет, «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» күн сайын жоспарланған.

№6 «Жасұлан» мектепалды тобында (5 жастан бастап) ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы өткізу жиілігі «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, «Сөйлеуді дамыту» - 2 рет, «Көркем әдебиет» - 2 рет, Қазақ тілі - 2 рет, «Сауат ашу» - 3 рет, «Математика негіздері» - 3 рет, «Қоршаған ортамен таныстыру» - 2, «Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру» - 1 рет, «Музыка» аптасына 2 рет жоспарлап, көрсеткен. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған.

БЖҒМ 12.08.2016 жылғы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың : ҚР үлгілік оқу бағдарламалары, жалпыға міндетті стандарт және үлгілік оқу жоспары негізінде перспективалық жоспардың міндеттері әрбір айға бөлініп жасалған. Циклограмманың құрылымы мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібінде тәрбие-білім беру процесінің іс-шаралары (қабылдау, таңертеңгі гимнастика, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру рәсімдері, балалардың үйге қайтуы) қамтылған. Циклограммалардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттер тақырыптары перспективалық жоспардағы міндеттер бойынша жасақталған. №1 «Балапан» кіші тобы, №2 «Алақай», №3 «Құлыншақ» ортаңғы тобында, №4 «Қуыршақ», №5 «Айгөлек» ересек тобында, №6 «Жасұлан», тобы мектепалды даярлық топтарында перспективалық жоспарлары, циклограммалары

және күн тәртібі бекітілген. Оқу жұмыс жоспарларында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары қамтылған. «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» дағдысы бойынша мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті күн сайын жоспарланған, Үлгілік оқу жоспарға сәйкес аптасына мектепалды даярлық тобында аптасына 2 рет жоспарланған, №4 «Қуыршақ», №5 «Айгөлек» ересек топтарында аптасына 2 рет жүргізілген. «Физикалық қасиеттерді дамыту» дағдысы бойынша Үлгілік оқу жоспарға сәйкес «Дене шынықтыру» іс-әрекеті топтарында аптасына 3 рет және күн сайын жүргізілген. «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» дағдысы бойынша Үлгілік оқу жоспарға сәйкес «Музыка» іс-әрекеті №4 «Қуыршақ» мен №5 «Айгөлек» ересек топтарында «Жасұлан» мектепалды тобында аптасына 2 рет, , №2 «Алақай» пен №3 «Құлыншақ» ортаңғы топтарында аптасына 1 рет және күн сайын жүргізілген. Оқу жүктемесі, ұйымдастырылған іс-әрекеттері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, үлгілік оқу жоспарына және үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген МДТМО МЖМББ Стандарты мен №557 ҮОЖ басшылыққа алынған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Бұзушылық анықталмады, талаптарға сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2 тарау, 23 тармағының талаптарына сәйкес келеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған.

Директор:



З. Садуова

З. Садуова